

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару шарттарын, көлемін және нысаналы мақсатын айқындау туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 7 сәуірдегі № 113-649 қаулысы. Нұр-Сұлтан қаласының Әділет департаментінде 2020 жылғы 7 сәуірде № 1261 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 285 Жарлығына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Экономиканы тұрақтандыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 287 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 наурыздағы № 126 қаулысына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Төтенше жағдайдың әрекет ету кезеңінде белгіленген Жұмыспен қамту жол картасының іс-шараларын қаржыландыру үшін Нұр-Сұлтан қаласы жергілікті атқарушы органының мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруының мынадай шарттары, көлемі және нысаналы мақсаты:

1) шарттары:

мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару жылы – 2020 жыл;

бағалы қағаздардың түрі – ұзақ мерзімді бағалы қағаздар;

2) көлемі – 44 030 000 000 (қырық төрт миллиард отыз миллион) теңгеден аспайтын

;

3) нысаналы мақсаты – Жұмыспен қамту жол картасының шеңберіндегі шараларды қаржыландыру үшін айқындалсын.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Нұр-Сұлтан қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) мемлекеттік бағалы қағаздарды шығаруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары А.К. Әмринге жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ